

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының арасындағы гуманитарлық саладағы ынтымақтастықты дамыту туралы Меморандум

Меморандум 2000 жылғы 9 қазан Астана қаласы

Қазақстан Республикасының Президенті және Ресей Федерациясының Президенті, екі жақты гуманитарлық ынтымақтастықтың кең ауқымды мәселелері бойынша болған пайдалы пікір алмасулар деп бағалай отырып, бостандық, демократия, заңның үстемдігі, адам құқығын құрмет тұту, ар-ұждан және діни сенім еркіндігі, ой білдіру еркіндігі құндылықтарына адалдықтарын қуаттай отырып,

жалпы жұрт таныған халықаралық құқық нормаларын, Біріккен Ұлттар Ұйымы мен Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйымның негізге алатын құжаттарында баяндалған қағидаттарды басшылыққа ала отырып, екі ел халықтарының рухани және мәдени туыстығын сақтаудың маңыздылығын т а н и отырып,

1992 жылғы 25 мамырдағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының арасындағы Достық, ынтымақтастық және өзара көмек туралы шартты, 1998 жылғы 6 шілдедегі Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының арасындағы ХХІ ғасырға бағдарланған мәңгілік достық пен одақтастық туралы декларацияны, 2000 жылғы 19 маусымдағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы Президенттерінің Бірлескен мәлімдемелерін, сондай-ақ басқа да екі жақты құжаттарды негізге ала отырып,

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы халықтарының арасындағы олардың жақындасу мен ынтымақтастыққа өзара ұмтылысына негізделген өзара түсіністік пен достықты одан әрі нығайтуға қатысты өздеріне міндеттеме қабылдай отырып,

м ә л і м д е й д і :

- Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы алдағы уақытта да өз қатынастарын өзара сенім білдіру, тәуелсіздікті құрмет тұту, ашықтық, егемендік, аумақтық тұтастық, бір-бірінің ішкі істеріне араласпау қағидаттары негізінде құратын б о л а д ы .

- Қазақстан мен Ресей өзіне алған жан-жақты интеграцияны және стратегиялық әріптестікті тереңдету бағыты өзін толық ақтады. Екі мемлекет арасында қалыптасқан достық және одақтастық қатынас халықаралық бейбітшіліктің, еуразиялық кеңістіктегі қауіпсіздік пен тұрақтылықтың маңызды факторы болып табылады.

- Ең бірінші маңызды міндет Қазақстанның және Ресейдің көп ұлтты халықтарының

арасындағы ғасырлар бойы жинақталған достық, тату көршілік байланыстарды ұқыптылықпен сақтау болып табылады. Оларды нығайту және одан әрі қарқынды дамыту екі елдің де түбегейлі мүдделеріне жауап береді, бейбітшілікті, аймақтық қауіпсіздік пен тұрақтылықты нығайтуға жәрдемдеседі.

- Тараптар Қазақстан және Ресей халықтарының ортақ мәдени мұраларын, сондай-ақ олардың ұлттық мәдениеттерінің өзіндік ерекшеліктерін сақтауға жәрдемдесетін болады.

- Гуманитарлық саладағы ынтымақтастықты дамытуға, оның ішінде екі мемлекеттің азаматтары арасындағы байланыстар мен қоғамдық ұйымдардың өзара іс-қимылын көтермелеуге, ортақ мәдени, білім беру және ақпараттық кеңістікті ұлғайтуға жан-жақты қолдау көрсетілетін болады. Мәдениет, білім беру, денсаулық сақтау, ұлтаралық қатынас тілі ретінде орыс тілі пайдаланылатын бірлескен ғылыми зерттеулер гуманитарлық саладағы негізге алынатын рөлді орындауға қызмет етеді. Тараптар Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы шеңберінде Орыс тілін дамыту қорын құруға барынша жәрдемдесетін болады.

- Өзара құрмет тұту негізінде консулдық мекемелердің санын көбейту, Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының Президенттері жанындағы адам құқығы жөніндегі комиссиялардың тұрақты бірлескен жұмыстарының табиғи жалғасы ретінде адам құқығы жөніндегі Қазақстан-Ресей екі жақты комиссиясын құру сенім білдіру мен өзара түсіністікті нығайтуға, Қазақстан мен Ресей аумақтарында тұрып жатқан екі ел азаматтарына қажетті көмек көрсету жөніндегі мүмкіндіктерді кеңейтуге жәрдемдесетін болады. Бұл орайда, бұрынғысынша, Қазақстан мен Ресей азаматтарының, олардың этникалық тегіне қарамастан, қандай да болсын кемсітушіліксіз және шектеулерсіз тең құқықтары мен бостандығын қамтамасыз етуге басымдықты назар аударылатын болады.

- Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының Президенттері Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының арасындағы Ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссияның шеңберінде дайындалған Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының арасындағы 2000-2002 жылдарға арналған гуманитарлық саладағы ынтымақтастық бағдарламасын қарады және Комиссияға оны кезекті мәжілісінде бекітуді, ал екі елдің тиісті министрліктері мен ведомстволарына Бағдарламаны бұлжытпай орындау жөнінде шаралар қабылдауды тапсырды. Бағдарламада баяндалған мәдениет, ақпарат, білім беру, гуманитарлық ғылымдар, жастар саясаты, спорт және туризм, денсаулық сақтау, адам құқығы мен негізгі бостандықтарын қорғау, сондай-ақ әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту салаларындағы нақты іс-шараларды жүзеге асыру Қазақстан мен Ресейдің өзара іс-қимылын жандандыруға, олардың көп ұлтты халықтарының жақындасуларына жаңа серпін беруге қызмет етеді.

(Қолдары)

М а м а н д а р :
Қ а с ы м б е к о в Б . А .

Багарова Ж.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК